

Кімге: 1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне

2. «Фитолеум» ФК

Кімнен: Жүрсін Рамазанұлы Уәлиахметов - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық комитетінің Астана қаласы бойынша Департаменті Фармацевтикалық инспекторат және фармацевтикалық қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтер бөлімінің басшысы

Күні: 12 қараша 2024 жыл

Аналитикалық жазба


Жүректің ишемиялық ауруын фармакотерапевтикалық емдеуде отандық өнімдерді қолдау.

Клиникалық медицинаның үлкен жетістіктеріне қарамастан, жүрек-қан тамырлары аурулары әлемнің дамыған елдерінде халық өлімінің 32,7%, ал Қазақстан Республикасында 34%-ын құрайтын фактор. Оның ішінде, ер адамдар 52,8%-ын және көбіне 42-54 жас аралығында кездесетінін байқауға болады. Жүректің ишемиялық ауруын емдеудің негізгі шарты фармакотерапиялық емдеу болып табылады. Дегенмен, бұл өз кезегінде ЖИА емдейтін дәрі-дәрмектерді (123 дәрілік зат) отандық өндірушілердің (22 дәрілік зат) бар болуына қарамастан, «батыс» мемлекеттерінің дәрі-дәрмектерінің импортының (101 дәрілік зат) өсу қарқыны анықталады.

Осы мәселеге қатысты қазірде мынадай жағымсыз трендтер бар:

1. Жүрек-қантамыр жүйесінің ауруларының қарқындылығының бәсеңдемеуі.

Мемлекет тарапынан іске асып жатқан мемлекеттік бағдарламаларға (Денсаулық, Салауатты Қазақстан) қарамастан, соңғы 5 жыл ішінде Қазақстанда жүрек-қан тамырлары ауруларынан 30 жастан 70 жасқа дейінгі мезгілсіз өлім қаупінің деңгейі үздіксіз өсуде (2018 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 1984,4-тен 2024 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 2523,0-ге дейін). [1]



ҚР-дағы жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары барлық өлім-жітімнің 1/3 бөлігін құрайды. Қанайналым жүйесінің ауруларынан болатын өлім-жітім құрылымында 34% - ы жүректің ишемиялық ауруы бар пациенттерден тұрады, олардың 30% - дан астамы белсенді еңбекке қабілетті жастағы адамдар. Сонымен қатар, қанайналым жүйесі ауруларының ұзақ ағымы науқастарды емдеуге және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етуге байланысты мемлекет пен халықтың айтарлықтай қаржылық шығындарын анықтайды.



Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасының нысаналы индикаторларының бірі болып жүрек-

қантамыр ауруларының есебінен 30-70 жас аралығында мезгілсіз қаза болу қаупінің деңгейін 15,43 %-ға дейін төмендету болғандықтан ҚР Жүректің ЖИА бар пациенттерге фармацевтикалық көмекті жетілдіру амалдары өзекті болып табылады [2].

2. Жүрек қан тамыр ауруларында емдеудегі батыстық өнімдердің басымдығы.

Дәрілік препараттар нарығы отандық нарықтың ең маңызды және белсенді дамып келе жатқан сегменттерінің бірі болып табылады. Тек 2022 жылы дәрілік заттарды сатудың жалпы көлемінің өсуі 2021 жылмен салыстырғанда 9-10% құрады. Фармацевтикалық нарықтың даму дәрежесін сипаттайтын дәрі-дәрмектерді тұтыну адамдардың денсаулық жағдайына, демографиялық, экономикалық және басқа факторларға байланысты объективті қажеттілік болып табылады.


Қазақстан Республикасы дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімінің деректері бойынша (22.09.2024ж.) Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығында 7546 дәрілік заттар тіркелген, соның ішінде жүректің ишемиялық ауруын емдеуде қолданылатын дәрілік препараттар саны 123-ке ие. Отандық өндірушілер санын атап айтсақ, 3 фармацевтикалық компаниялары (Химфарм, Вива фарм, ТК Фарм Ақтөбе) барлық препараттар санының 18% құрайды. Ал экспортталатын шетелдік фармацевтикалық өндіріс орындарының саны қалған 82 % тиесілі болды. [3]



1-диаграмма. Отандық және шетелдік өндірушілер нарығын талдау.


Дәрілік қалыптар бойынша маркетингтік талдау нәтижелеріне (2-диаграмма) көз жүгіртсек. Жүректің ишемиялық ауруында қолданылатын барлық дәрілік қалыптардың ішінде басым көпшілігін қатты дәрілік қалыптар, атап айтқанда таблеткалар 95,9%-ын құрайды. Келесі орында капсулалар 2%-ын, басқа дәрілік қалыптар- 2,4%-ын құрағандығын қарастыруға болады. Қорыта келгенде, барлық дерлік мемлекеттік тізілімде тіркелген жүректің ишемиялық ауруында

қолданылатын препараттарды таблеткалар және капсулалар құрады, ал өзге дәрілік қалыптар ішінде басым көпшілігін аэрозольдер және ерітінділер екенін атап өтуге болады.



2-диаграмма. Дәрілік қалыптар бойынша сегменттеу.

Олардың ішінде синтетикалық және биологиялық препараттар 96% және өсімдік тектес препараттар 4% құрайды, бұл дерек 3-диаграммада көрсетілген:




ҚР-да тіркелген препараттардың негізгі бөлігі Беларусь Республикасынан және Ресей Федерациясынан, Беларусь Республикасынан 31 ДЗ, Ресей Федерациясынан 14, Болгария 16 дәрілік препараттан ұсынылған.

№	Өндіруші мемлекет	ДЗ саны
1	Беларус Республикасы	31
2	Болгария Республикасы	16
3	Ресей Федерациясы	14
4	Турция	7
5	Украина	6
6	Германия	6
7	Венгрия	6
8	Испания	4
9	Чех Республикасы	3
10	Польша	3
11	Мальта	2
12	Ирландия	1
13	Сербия	1
14	Израиль	1

1- кесте. Жүректің ишемиялық ауруын емдеуде қолданылатын препараттардың шетелдік өндірушілер тізілімі. [4]

Денсаулық сақтау бюджетінің едәуір бөлігі жүрек-қан тамырлары терапиясына жұмсалады; кейбір елдерде медициналық көмектің 12-13 % - ы осы аурулар тобын емдеуге жұмсалады [7, 9, 10]. ҚР ДЗ мемлекеттік реестрінде ДЗ ішінде ТМККК аясында қолданылатын препараттар үлесі 4-диаграммада көрсетілген:



- ✓ B01AC04 Клопидогрел;
- ✓ B01AC06 Ацетилсалицил қышқылы;
- ✓ B01AC24 Тикагрелор;
- ✓ C01DA02 Нитроглицерин;
- ✓ C01DA08 Изосорбид динитраты;
- ✓ C07AB07 Бисопролол;
- ✓ C08CA01 Амлодипин;
- ✓ C10AA05 Аторвастатин.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты бүкіл әлемдегі жүрек-қан тамырлары сатылымы бойынша ең ірі және дәрілік препараттардың қарқынды дамып келе жатқан фармакологиялық кластарының бірі болып табылады. Бұл дәрі-дәрмектер әлемдік ДЗ нарығындағы жалпы сатылымның шамамен 18% құрайды. [5]

Қазіргі уақытта жүрек-қан тамырлары аурулары дамыған елдердің көпшілігінде өлімнің жетекші себебі болып қала береді, бұл барлық өлім-жітімнің 40% құрайды. [6]

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының медицина және фармацевтика саласының ілгері дамуына қарамастан, жүректің ишемиялық ауруын емдеуде әлі күнге отандық емес, шетелдің яғни импорттық дәрілік препараттарға тәуелді болып отырмыз.

Шешімі/ Нұсқаулық:

1. Отандық өндірушілерді қолдау.

Жоғарыда көрсетілген 3 отандық өндірушілердің (Химфарм, Вива фарм, ТК Фарм Ақтөбе) дәрілік препараттарын ғана тегін медициналық көмек айналысында қолдану импорттық препараттарға тәуелділікті 30 %- ға дейін төмендетеді;

2. Отандық өндіріс орындарын дүниежүзілік стандартқа сәйкестендіру.

Дәрілік препараттарды өндіретін фармацевтикалық өнеркәсіп орындарын қаржыландыруды көбейту арқылы, аталмыш орындардың қарқынын және деңгейін жоғарылатуға болады.

3. Фармацевтикалық компания «Фитолеум» жоғары сұрыпты дәрілік өсімдік шикізаттарын өндіреді, сол бағытын жүректің ишемиялық ауруын емдеуде де қолдануға ұсыныс тасталу керек.

Жүректің ишемиялық ауруы- созылмалы ауру болғандықтан, дәрілік өсімдік шикізаттарымен емдеу әрі пайдалы, әрі экономикалық тұрғыдан салыстырғанда тиімді болады. Осылайша, Қазақстан Республикасында өндірілген дәрілік заттарды өзімізде ғана қолданып қоймай, экспортқа да шығару жиілігі жоғарылайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <https://stat.gov.kz/>
2. [kursiv.kz\)](https://kursiv.kz/)
3. <https://www.ndda.kz/>
4. Sanchis-Gomar, Fabian, et al. "Epidemiology of coronary heart disease and acute coronary syndrome." *Annals of translational medicine* 4.13 (2016). <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/pmc4958723/>
5. Carney, Robert M., and Kenneth E. Freedland. "Depression and coronary heart disease." *Nature Reviews Cardiology* 14.3 (2017): 145-155. <https://www.nature.com/articles/nrcardio.2016.181>
6. Richards, Suzanne H., et al. "Psychological interventions for coronary heart disease." *Cochrane Database of Systematic Reviews* 4 (2017). <https://www.cochranelibrary.com/cdsr/doi/10.1002/14651858.CD002902.pub4/abstract>